

Қазақстан Республикасының шет ел кредиттері бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі төтенше шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 16 шілде N 1814. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Шет ел кредиттері бойынша төлемдердің өтелмеуі салдарынан қалыптасқан қиын жағдайға байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Шымкент кондитер фабрикасын жекешелендіруден алынған валюта түсімдерінің бұрынғы бөлінісін жойсын және оларды толық көлемінде негізгі берешекті, кредит үшін проценттер мен шетелдік кредиторларға мерзімі өтіп кеткен берешектер бойынша басқа да міндетті төлемдерді қайтару жөніндегі Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауға жұмсайтын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Үкіметіне сыртқы кредиттер бойынша /есептелетін проценттер мен басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып/ іс жүзінде мерзімі өтіп кеткен берешектің және осы қаулының 1-тармағына сәйкес валюта түсімдерінің сомасы арасындағы айырмасын өтеуді қамтамасыз ететін мөлшерде үш айдың ішінде өтеу мерзімімен қосымша кредит берсін.

3. Үстіміздегі жылдың соңына дейін жаңа жеке-дара кредит келісімдеріне қол қоюға және шет ел кредиттеріне байланысты /халықаралық қаржы ұйымдары беретін кредиттен басқасына/ жана үкіметтік /мемлекеттік/ кепілдіктер беруге м о р а т о р и й қ о й ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының министрлер Кабинеті:

- шет ел кредиттері есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша берешекті өтеудің нақты көздерін іздестіруге шаралар қолдансын;
- Министрлер Кабинетінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті